

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 қаңтардағы N 21 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 23 мамыр N 700. Қаулының күші жойылды - 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Астықты және оны қайта өңдеу өнімдерін экспорттау және ішкі сату кезінде қажетті құжаттарды ресімдеудің тәртібін оңайлату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 қаңтардағы N 21 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 1, 6-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 және 2 - тармақтарда:

"министрлігінің жанындағы Республикалық астық инспекциясы" деген сөздер "министрлігінің "Қазагрэкс" республикалық мемлекеттік кәсіпорны" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "Мал дәрігері комитетінің шекарада және көлікте мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау бас басқармасы" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі астық сапасы сертификатының нысанын, оны берудің және қолданудың тәртібін бекітсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі